

Бекітемін
МКҚК №27 «Айгөлек» балабақшасының
менгерушісі Т.А. Күлестова
01» ақпан 2023ж.



МКҚК № 27 «Айгөлек» балабақшасының 2023 – 2026 ж.ж. арналған даму жоспары

Ақтөбе 2023ж.

МКҚК №27 «Айгөлек» балабақшасы



Қызмет түрі: мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

Меншік иесі: мемлекеттік Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Қарғалы т/м, Геологическая көшесі 16

Байланыс телефоны: 8 (7132) 99-51-72

e-mail: aigolek_2765@mail.kz

Жұмыс режимі: дүйсенбі-жұма 8.00-18.30

Құрылған жылы: 1984 ж

Қабаттар саны: 2 қабат

Жобалық қуаты: 128 орын

Топтар саны: 6 топ

Оқыту тілі: қазақ, орыс

Балалар саны: 150 адам

Қызметкерлер саны: штат кестесі бойынша барлығы- 40,9 бірлік, оның ішінде 3,5 бірлік -әкімшілік персонал, 24,4 бірлік - оқу-көмекші персонал, 12 бірлік - техникалық персонал

Ғимараттың жай-күйі: 22.08.2020 ж. күрделі жөндеу жүргізілді

Аттестаттауды өткізу күні: 10 Сәуір 2014 ж.

Бағдарлама паспорты

Дайындау үшін негіздеме: 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы

2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы

3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

4. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» заңы;

5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтің

Т 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы

6. Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаевтің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі
«Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауы;

7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске
асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына
арналған кешенді жоспары

8. 2023-2024 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік нұсқау хаты

Бағдарлама мақсаты: Тиісті білім беру бағдарламаларын және мемлекеттік білім беру стандартының талаптарының негізінде тәрбиеленушілерді жеке тұлға ретінде дамуынатаным дағдысын кеңейту,бағытталған білім мен тәрбие алу үшін жағдай жасау.Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу мен оқытуға күш салу.

Бағдарлама міндеттері: Оқу-тәрбие процесіне жағдай туғызу;

- Мектепке дейінгі ұйымды оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;
- Тәрбиеленушілерді рухани-адамгершілік,дербес әрекетіне қолдау көрсету,физикалық дамуын қамтамасыз ету;
- Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын,спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану үшін жағдай жасау;
- Педагогикалық білім беруді жаңғырту,тәрбиешілерге біліктіліктерін арттыруға жағдай жасау;
- Балабақшаның қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;
- Материалдық-техникалық базаны нығайту;

Бағдарламаның даму кезеңдері

Кезеңдері	Мерзімі	Дамудың негізгі бағыттары	Жұмыстың мазмұны
1	2023-2026	Даму бағдарламасын құрастыру, Білім беру мен тәрбие бағдарламаларын дайындау және енгізу	Оқу-тәрбие процесінің ,бағдарламаның орындалуын ұйымдастыру. Тәрбиешілермен үздіксіз әдістемелік және психологиялық оқыту жүйесін құру; Тәрбиеленушілерді диагностика арқылы зерделеу; Бірлескен орта құру Талдау жасау,ақпарат банкін құру;
2	2023-2024 жыл 2024-2025 Жыл 2025-2026 жыл	Бағдарлама іс-шараларын ұйымдастыру,орындалу барысын бақылау,жобаларды түзету, жаңа сапалық МДҰ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру	Тәрбиешілердің ғылыми-әдістемелік деңгейін,кәсіби біліктілігін,шеберлігін дамыту; Педагогикалық және инновациялық технологияларды меңгеру және енгізу; Тәрбиеленушілерді жеке тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу;
3	2025-2026 жыл	Оқу,тәрбие даму нәтижелерін талдау және expertтік бағлау,нәтижелер туралы есеп беру.	Шығармашылықпен жұмыс жасаған тәрбиешілердің авторлық бағдарламаларын шығару,іс-тәжірбиелерін тарату; Тәрбиеленушілермен жүргізілген тапсырмалар жинағын шығару

Балабақша миссиясы,мақсаттары мен міндеттер

Балабақша миссиясы:Тәрбиенушілердің мектеп алды ұйымында толыққанды тәрбиеленуіне,жеке тұлға ретінде қалыптасуына барынша қолайлы жағдай жасау,балабақшаның мүмкіндіктерін жетілдіру,пайдалану.

Балабақша мақсаты:Түрлі ойындар мен жаттығуларды пайдалана отырып және асық терапиясын қолдану арқылы балалардың логикалық ,креативті ойлауын дамытуға ықпал ету.Балалардың бойына қазақтың салт-дәстүрі мен құндылықтарын дарыту,еңбекқорлықты дәріптеу.Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет шығармаларымен таныстыру арқылы олардың сөйлеу және сөйлеу қарым-қатынасын дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыру.

Міндеттері:Дидактикалық ойындар ,асық терапиясын балалардың оқу-тәрбие жұмысында белсенді қолдану.

-Өзіндік білім беру технологияларына қызығушылықты,бастамшылдықты,осы технологияларды тәжірбиеде қолдануға ұмтылуды дамыту

-Қарым-қатынас мәдениетінің негіздері,сөйлеу тәртібінің этикалық нормаларын сақтау туралы педагогтардың білімін жалпылау және жүйелеу;Сөйлеу этикетін қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін жүйелеу.

-Мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік және сөйлеу тілін дамыту бойынша балабақша жұмысын жетілдіру.

-Ұжымда шығармашылық ізденіс,бастамшылдық және педагогтардың іс-әрекетін белсендіру атмосферасын құру

Күтілетін нәтиже

- 1.Тәрбиеленушілердің белсенділігі мен ынтасы артады, танымдық ой өрістері кеңейеді.
- 2.Тәрбиешілердің кәсіби дамуына жағдай жасалынады, үздіксіз білім жетілдірудің жүйесі қалыптасады.
- 3.Балабақшаның басқару жүйесі артады.
- 4.Ұжымның шығармашылық ахуалы дамиды.
- 5.Бірлескен орта құру арқылы ата-аналармен жұмыс /әкелер клубы мен аналар немесе әжелер клубы/жұмыстары жанданады.
- 6.Оқу-тәрбие жұмысының жоғарлауына қол жеткізіледі.
- 7.Оқу-тәрбие үрдісінде қамқоршылық кеңесінің, ата-аналар комитетінің қатысу үлесі артады.
- 8.Балабақша заманауи үлгідегі жинақтармен және құрал жабдықтармен жабдыкталады, жаңартылады.

Балабақшаның ағымдағы жағдайына талдау SWOT-анализ

Күшті жақтары /S/	Әлсіз жақтары/W/	Мүмкіндіктер/O/	Қауіпті жақтары/T/	Бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы болжанатын тәуекелдерді бағалу
Балабақшаішілік базаның болуы; -Көпдеңгейлі,функционалды басқару жүйесінің болуы,қоғамдық басқару структурасын есептегенде; -Оқу-тәрбие жұмысында сыналған модель жаңа білім беру жүйесі технологиясы; -Кешенді тәрбие бағдарламасы іске асыру; -ғылыми-әдістемелік жұмысты сапалы ұйымдастыру,педагогикалық кадрлардың оқуы мен дамуы,бақылау жүйесі; -Қоғамдық ұйымдар мен басқа мекемелермен қарым –қатынас;	Озық педагогикалық тәжірбиені тарату жұмысының жоқтығы; Кабинет пен топ бөлмелерінің заманауи заманға сай еместігі/жиказдар ,мебельдер,ойын шықтар,акпаратт ы құралдардың жетіспеушілігі; Тәрбиешілердің АКТ-ны толық меңгермеуі;	Жаңа технологияларды білім беру процесіне енгізу; Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысы жүйесіне әлеуметтік жобалау технологиясын енгізу; Ата-аналар жұмысын жандандыру; Балабақшаның даму мәселелерін шеуде әлеуметтік серіктестерді шақыру;	-Жаңа білім беруді игеруде кейбір тәрбиешілердің қиындыққа ұшырауы; -Ата-аналармен байланыстың әлсіздігі,бір-бірін түсінбеуі; -Балабақша әкімшілігі мен тәрбиешілерге артылатын жұмыс көлемінің ұлғаю қаупі;	Төмен

Бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы тиімділік көрсеткіштері мен критериилері

Құрылымы:

1.Әр түрлі жастағы тәрбиеленушілердың білімі мен сапалы тәрбиесін қамтамасыз ету

Мақсаты:Тәрбиеленушілердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына,өз еркімен жақсы мен жаманды айыра алатындай тұлға қалыптасуына жағдай жасау;

Критерии	Көрсеткіштері	Зерттеу әдістері
Жеке әлеуетін іске асыру мен анықтауға дайындық	-Білім беру бағдарламасын игеруі -тәрбиеленушілердің олимпиада мен конкурстарға,байқауларға қатысымы -тәрбиеленушілердің адаптациядан өтуі --жетістіктері мен мүмкіндіктеріне баға беру	Диагностикалық бақылау жұмыстары, Ұйымдастыру іс-әрекетіне,іс-шараларға қатысу -тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынас -саулама жүргізу -педагогикалық қызмет талдауы
ЖЕКЕ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША	Білім беру барысында тәрбиешілердің қазіргі технологияларды қолдана білуі. -тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жүргізу/би,вокал,сурет,кұрастыру т.б./	

Кадрмен жұмыс

1. Курстық және курсаралық қайта даярлау арқылы тәрбиешілердің кәсіби шеберліктерін артыруға жағдай жасау
2. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын тәрбиешілерді марапаттауды жүзеге асыру
3. Жаңа әдістемелік жұмыстар жүргізу
4. Психологиялық жайлы жағдай туғызу
5. Оқу-тәрбие процесін ұтымды Ұйымдастыру

Балабақша жұмысын арттыруда жүргізілетін жұмыстар

- Балабақша бақылау жұмысын жанадандыру**
- Материалдық-техникалық базаны нығайту/жаңа үлгідегі стендтер,құрал-жабдықтар.АКТ құралдары,бөлме есіктері,жиқаздар мен мебельдер**
- Ата-аналармен жұмысты нығайту,кері байланыс алу**
- Шығармашылықпен айналысатын тәрбиешілерге көмек көрсету,қолдау**
- Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілерді олимпиада,байқау.жарыстарға қатыстыру,санаттарын көтеруге жұмыстану**

Балабақшаның даму бағдарламасының негізгі бағыттары

- Білім беру сапасын дамыту;
- Кадрлық әлеуетін дамыту;
- Басқарудың алқалық нысанын дамыту;
- Оқу-тәрбие жұмысына жағдай жасау;
- Ұлттық құндылықтарымызды тәрбиенің басым бағыттарына айналдыру

«Білімді ұлт» сапалы білім беруді ұлттық жобасы негізінде жасалатын шаралар/ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы/

1. Жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасын қамтамасыз ету
2. Цифрландырылған экожүйесі арқылы асхана, мен топ бөлмелерін, медбике бөлмесін автоматтандыру
3. Даму мүмкіндіктері шектеулі тәрбиеленушілерге білім беруді жетілдіру мақсатында арнайы кабинет жабдықтау.
4. Балабақшаны ұлттық нақышта әсемдеу

Түйін

Дамудың негізгі мақсаттары:

Нәтижеге бағытталған балабақша идеясын жүзеге асыру. Балабақша үрдістерін сақтау. Педагогтар мен тәрбиешілердің квалификациялық деңгейлерін жеткілікті деңгейде көтеру, ата-аналар жұмысын жандандыру. Тәрбиеленушілерді рухани-адамгершілік, дербес әрекетіне қолдау жасап, физикалық және ойлау қабілетін дамыту. Үнемі балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту.

Нәтижеге бағытталған балабақшаның стратегиялық мақсаты: Тәрбиеленушілерге асық терапиясын үйрете отырып, білім, білік дағдыларын дамыту, қажеттіліктері мен бейімділіктеріне қарай қосымша үйрету, оқыту.

Мақсаттары:

- Оқу-іс әрекеті мен ұйымдастырудағы педагогтар мен тәрбиешілердің дайындық жұмыстарын жүйеге келтіру
- Тәрбиеленушілердің бойына ұлттық құндылықтарды дарыта отырып тәрбиелеу.
- материалдық-техникалық базаның дамуын қамтамасыз ету.

Қолайлы орта қалыптастыру арқылы арқылы табысқа жету-басты мақсат.

- Сапалы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру
- Ата-анамен бірлескен жұмыстар, салауатты өмір салты бағыты бойынша және ұлттық тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар/талантардың пайда болуы, ой-өрісті дұрыс қалыптастыру/

Балабақшада жайлылық атмосферасы орнайды/тәрбиеленушілер арасынан таланттар ашылады/

Ата-ана мен тәрбиешілердің қанағаттануы.